# Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банк шоттарындағы қалдықтары туралы есепті екінші деңгейдегі банктердің ұсыну нысаны мен мерзімін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 162 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3722. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 131 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес және нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сай Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі (бұдан әрі - банктер) банк шоттарындағы қалдықтары туралы есептің нысаны бекітілсін.

2. Банктер ай сайын қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға электрондық тасымалдаушысында есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен, Астана қаласының уақытымен сағат 18.00-ден кешіктірмей, осы қаулының қосымшасына сай нысан бойынша есепті ұсынады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).

2-1. Ай сайын жасалатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банк шоттарындағы қалдықтары туралы есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және Банктерде қағаз тасымалдаушысында сақталады. Банктер қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей есепті қағаз тасымалдаушысында ұсынады.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).

2-2. Электрондық тасымалдаушысындағы есеп ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізу көлік жүйесін пайдаланумен ұсынылады.

Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).

2-3. Электрондық тасымалдаушысында ұсынылатын деректердің қағаз жазбадағы деректермен сәйкестігін Банктің бірінші басшысы және оның орнындағы адамы қамтамасыз етеді.

Ескерту: 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ).

3. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 31 мамырдағы және Агенттік Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банк шоттарындағы қалдықтары жөніндегі есептің нысанын мен мерзімін бекіту туралы" 2004 жылғы 31 мамырдағы N 151 бірлескен қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2937 тіркелген, 2004 жылы "Қаржы хабаршысы " N 7 (7) журналында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

6. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 162 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының банк шоттарындағы қалдықтары туралы есеп**

___________________________________

банк атауы

_______________________жағдай бойынша

мың теңгемен

| Рет нөмірі | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/ сақтандыру брокерінің атауы | Ағымдағы және карт шоттары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | шоттардағы ақша сомасы | | | есептелген сыйақы сомасы | | |
| | | | қалдық | | жиынтығы | қалдық | | жиынтығы |
| | | | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

таблицаның жалғасы:

| Талап еткенге дейінгі салымдар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | шоттардағы ақша сомасы | | | есептелген сыйақы сомасы | | |
| | қалдық | | жиынтығы | қалдық | | жиынтығы |
| | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

таблицаның жалғасы:

| Мерзімді салымдар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | шоттардағы ақша сомасы | | | есептелген сыйақы сомасы | | |
| | қалдық | | жиынтығы | қалдық | | жиынтығы |
| | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы | |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |

таблицаның жалғасы:

| Шартты салымдар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | шоттардағы ақша сомасы | | | есептелген сыйақы сомасы | | |
| | қалдық | | жиынтығы | қалдық | | жиынтығы |
| | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валюта- | | теңгемен | теңгеге есептелген шетел валютасындағы ақша | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сындағы ақша қалдығы | | | қал-дығы | |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК